

Аудан әкімдігінің қарамағындағы тұрғын үйлерді кезектілік тәртібімен белгілеу жөніндегі комиссиясын құру туралы

Күшін жойған

Май аудандық әкімшіятының 2003 жылғы 17 қазандағы N 153/15 қаулысы. Павлодар облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 24 қарашада N 2112 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 7 тамыздағы N 182/8 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 7 тамыздағы N 182/8 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148-ІІ "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31 бабына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

1. Аудан әкімдігінің қарамағындағы тұрғын үйлерді кезектілік тәртібімен белгілеу жөніндегі комиссия құрылып, құрамы заңнамаға сәйкес аудандық мәслихатқа бекітуге ұсынылсын.
2. Комиссияның ережесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау әкімінің орынбасары А.Закирьяновқа жүктеледі.

Аудан әкімі

Аудан әкімдігінің 2003 жылғы "17" қазандағы "Аудан әкімдігінің қарамағындағы тұрғын үйлерді кезектілік тәртібімен белгілеу жөніндегі комиссиясының құру туралы" N 153/15 қаулысымен бекітілген

Аудан әкімдігінің қарамағындағы тұрғын үйлерді кезектілік тәртібімен белгілеу жөніндегі комиссиясының ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1. Аудан әкімдігінің қарамағындағы тұрғын үйлерді кезектілік тәртібімен белгілеу жөніндегі комиссиясы - консультативтік-кеңесші орган болып табылады

2. Комиссия қызметінің құқықтық негізгі Қазақстан Республикасының Конституциясы, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару

туралы" Қазақстан Республикасының Заңы және басқа нормативтік-құқықтық актілер құрайды.

2. Комиссияның мақсаты мен міндеттері

3. Комиссияның негізгі мақсаты:

1) Комиссия мүшелері тұрғын үй қажет ететіндердің кезектілігін ұйымдастыру.

4. Комиссияның міндеттері:

1) тұрғын үй қажет ететіндердің кезектілігін бақылау;
2) қажетті құжаттардың тапсырылуын бақылау;
3) қолданылып жүрген заңдарға сәйкес, тұрғын үй қажет ететіндерге кезексіз үй беру туралы шешім қабылдау.

3. Комиссия қызметін ұйымдастыру және жұмыс тәртібі

5. Комиссия мәжілістері қажет болғанда, өткізіледі.

6. Комиссия мүшелерінің үштен екі бөлігі қатысса, оның мәжілістері құқықты болып саналады.

7. Мәжіліске қатысқан комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданып, ұсыныс сипатында болады. Комиссия мәжілісіне қатысып отырған мүшелердің көпшілігі дауыс берсе, шешім қабылданған болып саналады. Дауыс саны тең болса, төрағаның дауысы шешуі болады.

4. Комиссияның құрылуы

8. Аудан әкімдігінің қарамағындағы тұрғын үйлерді кезектілік тәртібімен белгілеу жөніндегі комиссияның құрамы, заңнамаға сәйкес аудандық мәслихатында бекітуге ұсынылады.

9. Комиссияның төрағасы - аудан әкімінің орынбасары басқарады.

Комиссия төрағасының орынбасары аудандық коммуналды шаруашылық, көлік және коммуникация бөлімінің бастығы болады.<*>

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - Павлодар облысы Май аудандық әкімиятының 2004 жылғы 4 мамырдағы N 67/1 қаулысымен.

5. Комиссия өкілеттігі

10. Комиссия өкілетті:

1) тұрғын үйлерді кезектілік тәртібін белгілеу;
2) тұрғын үйді алу тәртібінің іс-құжаттары толық болмаған кезде, заңнамаға сәйкес іс-құжаттарды түгелдей жинақтауға сұрау құқылы;
3) комиссияның мәжілістерінің қорытындысы бойынша шешімдер қабылданады.